

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
комерциялық емес акционерлік қоғамы**



**Студенттік жатақханасына орналастыру және шығару  
ЕРЕЖЕСІ**

**Е ҚАЗҰАЗУ СЖОЖШ – 400**

**Келісілді  
Сапа бойынша басшылық өкілі**

 **М. Алексеева**

**Алматы, 2024**

**Дайындағандар:**

П. Ибрагимов, К. Султангазиев, А. Ералиева, А.Сманов, Ж. Сарсенбаева

Осы Ереже басқа елді-мекеннен келген білім алушыларды орналастыру, отбасылық студенттерді, магистранттарды, докторанттарды (денгейлер бойынша), университет қызметкерлері мен бөгде адамдарды орналастыру тәртібін, студенттік жатақханаларда тұратын Түрғындарды студенттік жатақханалардан шығару тәртібін және оларға ақы төлеуді айқындайды.

Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.

### **Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Білім алушыларды орналастыру тәртібі. Қызметтерге ақы төлеу .....	4
3. Қаладан тыс отбасылық білім алушыларды орналастыру тәртібі. Қызметтерге ақы төлеу .....	7
4. Университет қызметкерлерін және бөгде адамдарды орналастыру тәртібі. Қызметтерге ақы төлеу .....	7
5. Студенттік жатақханалардан шығару тәртібі.....	8
6. Қорытынды ережелер.....	9
7. Қосымшалар.....	10

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

---

1.1 «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - университет) осы студенттік жатаханаға орналастыру және шығару Ережесі (бұдан әрі - ЕРЕЖЕ) студенттік жатақханалар туралы Ережесі студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп Ережесі нормалары, Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Білім Турағы» Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға журналған Мемлекеттік жастар жаясатының Тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының Тұжырымдамасы; «Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту турағы» КР ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 Бұйрығы; «Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарында тәрбие жұмысын үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту турағы» №640 Бұйрығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларымен, Университет жарғысы, Еңбек (ішкі) тәртібі Ережелері, санитарлық-эпидемиологиялық, өрт талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Осы Ереже білім алушыларға және басқа да тұлғаларға орындарды беру негіздері мен тәртібін ескере отырып, орындарды бөлу тәртібін, сондай-ақ Студенттік жатақханаларға орналастыру (көшіру) және тұру ақысын төлеу тәртібін айқындайды.

1.3 Студенттік жатақханалар басқа елді мекендерден келген білім алушыларды (бұдан әрі - Тұрғындар) университетте оку кезеңінде орналастыруға арналған.

1.4 Бос орындар болған жағдайда университет белгілеген төлемді енгізе отырып, біліктілікті арттыру курсарының тыңдаушыларына тұруға рұқсат етіледі.

1.5 Студенттік жатақханаларда орындармен қамтамасыз етуге мұқтаж адамдардың онлайн өтініштерін қарау үшін Университетте жатақханаларда орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссия құрылады (*Студенттік жатақханалар турағы Ережені қараңыз*).

## **2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОРНАЛАСТАҮРУ ТӘРТІБІ. ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ.**

---

2.1 Студенттік жатақханаларда орындарға мұқтаж студенттер, магистранттар, докторанттар (бұдан әрі - Білім алушылар) «Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу Қағидаларына» 1-Қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша университеттің ресми сайтында «Platonus» ААЖ арқылы өтініш береді (platonus.kaznaru.kz.), әрі қарай жүйе тілек білдірушілерді студенттік жатақханаларда орын беру критерийлеріне сәйкес кезекке тұрғызады.

Студенттік жатақханаларда орындарды бөлу жөніндегі конкурстық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімі орындарды беру үшін негіз болып табылады.

Комиссия өз шешімі негізінде орналасатын білім алушылардың тізімін бекітуге ұсынады:

- білім алушылар бойынша - Басқарма Төрағасы - Ректордың бірінші орынбасарына;

- орналастыру туралы оң шешім қабылданған жағдайда білім алушыларға оқу жылының барлық кезеңіне (10 ай, оның ішінде қысқы демалыс және практика кезеңін қоса алғанда) ақы төлеу қажет.

Ерекше жағдайларда, білім алушылардың жазбаша өтініші бойынша студенттік жатақханаларда тұрғаны үшін ақы төлеуді екі кезеңде (бірінші оқу жартышылдығында – студенттік жатақханаға орналасар алдында, екінші оқу жартышылдығында – қысқы емтихан сессиясы басталғанға дейін) жүргізуге жол беріледі.

Студенттік жатақханаларда орын берудің бірінші кезектегі құқығына келесі білім алушылар ие:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар адамдар, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша окуға түскен ауыл жастары қатарындағы адамдар, сондай-ақ қандастар;

3) «Мәңгілік ел жастары - индустріяға!» («Серпін – 2050») жоба шеңберінде білім алушылар;

4) бірінші курсқа қабылданған, «Алтын белгі» белгісі бар білім алушылар, президенттік, халықаралық және республикалық олимпиаданың және (немесе) конкурстың жеңімпазы немесе жүлдегері сертификаты бар білім алушылар, сондай-ақ білім туралы растайтын құжатпен (куәлік, аттестат, диплом) ұйымды үздік бітірген талапкерлер;

5) мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес бірінші курсқа окуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу, пәндер бойынша түсү емтихандары немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысаны бойынша жоғары балл алған білім алушылар;

6) оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыстарда жоғары нәтижелері бар жоғары курс білім алушылары;

7) университеттің өзге де білім алушылары.

2.2 Білім алушылар қатарындағы шетелдіктер халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес студенттік жатақханадағы орындармен қамтамасыз етіледі.

2.3 Комиссия өтініштерді қарау қорытындылары бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде студенттік жатақханада орын беру туралы шешім қабылдайды.

2.4 Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі занды болып саналады. Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен айқындалады.

2.5 Комиссия тұрғын үйге мұқтаждығы орын алған күтпеген отбасылық, материалдық және өзге де мән-жайлар себебінен туындаған білім алушыға студенттік жатақханадан орын беру туралы, сондай-ақ студенттік жатақханада білім алушылардың тұруы мәселелеріне жетекшілік ететін деканның немесе декан орынбасарының ұсынуы бойынша тұру қағидаларын немесе университет Жарғысын сақтамағаны үшін студенттік жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды.

2.6 Комиссия жатақханадағы орындарды кезең-кезеңмен бөлуді жүргізеді:

- оқу жылшының соңында (маусым) келесі оқу жылшына, бірінші курстар басқа барлық курсардағы білім алушыларға;

- оқу жылшының басында (тамыз) бірінші курсқа окуға қабылданған білім алушыларға және басқа оқу орындарынан аудису тәртібімен келгендеге;

- оқу жылшының ішінде қажеттілігіне қарай – студенттік жатақханаларда тұратын білім алушылар контингентінің өзгеруіне сәйкес, сондай-ақ аудистырылған немесе қайта қабылданған білім алушыларды негізді орналастыру үшін.

2.7 Конкурстық комиссия отырысынан кейін 24 сағат ішінде білім алушыға студенттік жатақханада тұру үшін қалыптастырылған тізім негізінде Комиссия төрағасының қолымен «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орынан кейінгі білім беру үйимдарының жатақханаларында орындарды бөлу Қағидалары» **5-қосымшаға** сәйкес **жолдама** не дәлелді бас тарту беріледі.

Материалдар жинаудың толықтығын қамтамасыз етуге, белгіленген үлгідегі тізімдерге нақты мәліметтерді енгізуға факультет/ жоғары мектеп декандары мен олардың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары жауапты болады.

Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында Комиссияның қарауына электрондық форматта тұрғын үйге мұқтаждардың толық тізімі жіберіледі.

Білім алушылардың өтініштері бойынша орын беруден негізсіз бас тартқан не өтініштерді қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Комиссия бос орындар болған кезде факультет/ жоғары мектеп деканаттарының өтінішінсіз осы мәселені қарауға құқылы.

Бос орындар болмаған жағдайда Комиссияның шешімімен өтініш беруші, өтініш берушінің санатына және әлеуметтік тиесілілігіне қарай бірінші кезекте орын беруге мұқтаж адамдардың тізіміне енгізіледі.

2.8 Отрыстың тиісті хаттамасымен ресімделетін университет комиссиясының он шешімі білім алушыларды орналастыру үшін негіз болып табылады. Комиссия шешімінің негізінде жауапты тұлға әрбір үміткерге орналасуға жолдама береді.

Университет комиссиясының шешімдері негізінде студенттік жатақханаларда нақты орналасқандарды ескере отырып, тәрбие жұмысы Департаменті орналастыру туралы бұйрық шығарады, олардың көшірмелері мыналарға беріледі:

- университеттің бухгалтериясына, есеп жүргізу және ақша қарожатының түсін бақылауды жүзеге асыру үшін;

- цифрлық офицерге (Ақпараттық технологиялар орталығының (АТО) жауапты тұлғасына, БАҚКО-на, Офис-тіркеушіге) – «Студенттік жатақханаларда тұратын Тұрғындар және кезектілік жай-күйі туралы мәліметтер» дерекқорын қалыптастыру үшін.

Алдын ала төлем енгізілген және университет комиссиясы орын беруден бас тартқан жағдайда, ақшаны қайтару, үміткердің университет Басқарма Төрағасы - Ректордың атына жолданған өтініші негізінде жүргізіледі.

Оқу жылшының аяқталғанға дейін білім алушының еркі бойынша студенттік жатақханаларда орын босатылған жағдайда, ақшаның қалған бөлігін қайтару да осындау тәртіппен жүргізіледі. Ақшалай қарожаттың қалған бөлігін есептеу үшін білім алушының, тиісті факультет/ жоғары мектеп деканының, жастар жұмысы жөніндегі Комитет жетекшісінің және жатақхана менгерушісінің қолы қойылған, шығару күнін растайтын университеттің Басқарма Төрағасы - Ректорының атына өтініші негіз болып табылады.

Студенттік жатақханаларға орналастыру және шығару, сондай-ақ онда оқуға қабылданған шетел азаматтарының тұрғаны үшін ақы төлеу халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде жекелеген тұрғын бөлмелерге (секцияларға, блоктарға) және тұрғын үйге бейімделген үй-жайларға орналасқан жеріне және онда тұру жағдайларына байланысты университет белгілеген төлем мөлшерінің жоғарылату не төмендету коэффициенттері қолданылуы мүмкін.

### **3. ҚАЛАДАН ТЫС ОТБАСЫЛЫҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОРНАЛАСТАЫРУ ТӘРТІБІ. ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ**

3.1 Тұрғын үйге мұқтаж басқа елді-мекеннен келген отбасылық студенттерге студенттік жатақханаларда орын беру, ерекше жағдайларда факультет/ жоғары мектеп деканатының өтініші бойынша қолда бар тұрғын үй қорына сүйене отырып жүргізіледі.

3.2 Егер отбасы университет білім алушыларының контингентінен тұрса және алып жатқан бөлменің ауданы санитарлық нормаларға сәйкес келсе, онда төлем әрбір санат үшін жеке (студенттер, магистранттар, докторанттар)белгіленген тарифтерге сәйкес жүргізіледі.

3.3 Егер алып жатқан алаң белгіленген санитарлық нормадан асып кетсе және отбасы мүшелерінің бірі 4.1-тармақта көрсетілген өзге санатқа жатса., содан кейін төлем осы Ережелердің 4.6-тармағы нормаларына сәйкес жүргізуі мүмкін.

3.4 Егер отбасы мүшелерінің бірі қаланың басқа оқу орнының студенті болса, қолданыстағы заңнамаға сәйкес есепке қою студенттік жатақхананың заңды мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

3.5 Ерекше жағдайларда, бос орындар болған жағдайда, студенттердің (тек бакалаврлар мен бір жыныстағы), егер олар бір-бірімен егіз болса және олардың біреуі Университетте оқытын болса, бірге тұруына жол беріледі.

Бұл ретте университетте білім алушыларға тұру үшін қосымша ақы бакалавр-студенттер үшін белгіленген мөлшерде енгізіледі, ал есепке қою осы Ережелердің 3.4-тармағына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.

### **4. УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖӘНЕ БӨГДЕ АДАМДАРДЫ ОРНАЛАСТАЫРУ ТӘРТІБІ. ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ**

4.1 Университет қызметкерлерін, олардың отбасы мүшелерін және бөгде адамдарды орналастыру осы Ережелердің 1.3-тармағы шарттары сақталған ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

Аталған санаттағы адамдарды орналастыруға өтініш Басқарма Төрағасы - Ректордың атына беріледі, ол тіркелгеннен кейін университет комиссиясының қарауына жіберіледі.

4.2 Студенттік жатақханаларда басқа санаттар арасында орын берудің бірінші кезектегі құқығы инженерлік желілерге қызмет көрсету (АХР-сантехник мамандары, электриктер, көлік құралдары мен арнайы техниканың жүргізуілері) және университет обьектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей айналысатын адамдарға (қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері) беріледі.

Қажет болған жағдайда жоғарыда аталған адамдар жұмыстан бос уақытында аварияның салдарын жою, өткізу режимін күштейту, қоғамдық тәртіпті сақтау және

тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл жұмыстарға тартылуы мүмкін.

4.3 Бөгде адамдардың өтініштерін қарау кезінде студенттік жатақханаларда орын беру туралы өтінішпен мемлекеттік органдардан және басқа ұйымдардан (жұмыс немесе оқу орны бойынша) жазбаша өтініші бар адамдарға артықшылық беріледі.

Сондай-ақ, өтініштерді қарау кезінде Алматы қаласында және қалаға іргелес елді мекендерде өтініш берушілерде (бірге тұратын адамдарда) тұрғын үйдің болуы ескеріледі.

Үшінші тарап (бірге тұратын) адамдар үшін жалдау ақысын алдын-ала төлеу, олардың төлем қабілеттілігін растайтын құжаттарды ұсыну, сottылықтың жоқтығы мен болғандығы туралы анықтама және т.б. сияқты қосымша талаптар қойылуы мүмкін.

4.4 Университет қызметкерлерін, олардың отбасы мүшелерін және бөгде адамдарды орналастыру үшін университет комиссиясының шешімі негіз болып табылады.

Оң шешім болған жағдайда бөлменің (секцияның, блоктың) нөмірін және студенттік жатақхананың мекенжайын көрсете отырып, мүліктік жалдау (жалдау) шарты жасалады, бас тартылған жағдайда қабылданған шешім туралы жауап өтініш берушіге Занда белгіленген мерзімде жіберіледі.

4.5 Университет қызметкерлері мен студенттік жатақханаларда бөгде адамдардың тұруы үшін ақы төлеу жалдау шартының талаптарына сәйкес ай сайын жүзеге асырылады.

4.6 Ерекше жағдайларда, егер Университетте білім алушылар ата-аналарымен немесе жақын туыстарымен бірге тұрса, тұру ақысын төлеу кезінде білім алушылардың саны мен санаттарын ескере отырып, қайта есептеу жүргізілуі мүмкін.

Бұл ретте, алып жатқан тұрғын үй-жайдың жалпы ауданы санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес болуы тиіс, яғни бір тұрғынға орта есеппен кемінде 6 шаршы метрді құрауы тиіс

4.7 Фылыми кеңестің шешімі негізінде жекелеген тұрғын бөлмелерге (секцияларға, блоктарға) және тұрғын үйге бейімделген үй-жайларға орналасқан жеріне және онда тұру жағдайларына байланысты университет белгілеген төлем мөлшеріне арттыратын немесе төмендететін коэффициенттер қолданылуы мүмкін.

## **5. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛARDAN ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ.**

5.1 Студенттік жатақханалардағы орындар білім алушыларға бір оқу жылына (10 ай) бекітіледі, ал осы Ережелердің 4.1-тармағында көрсетілген адамдарға бір жылдан аспайды.

Жалдау шартының мерзімдерін ұзарту (қайта жасасу) олардың қолданыстағы жалдау шартының мерзімдері аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей берілген жазбаша өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

5.2 Қажет болған жағдайда (студенттік жатақханада тұратын орындарға мұқтаж білім алушылар саны көбейсе) университет әкімшілігі біржақты тәртіппен осы Ережелердің 4.1-тармағында көрсетілген адамдармен жалдау шартын жазбаша хабарлама тапсырылған күннен бастап бір ай өткен соң бұзыу мүмкін.

5.3 Студенттік жатақханадан шығару жүзеге асырылады:

- университеттен шығарылған кезде (оның ішінде оны бітіргеннен кейін).  
Студенттер жатақханаларындағы орындарды, окудан шығару туралы бұйрық

шығарылған күннен бастап 10 күн мерзімнен кешіктірмей босатады, тіркеуден шығару үшін университеттің паспорт қызметкеріне өтініш береді;

- оқу процесінің регламентін бұзғаны үшін;
- академиялық үлгермеуі үшін;
- студенттің ар-намыс Кодексін бұзғаны үшін;
- ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін;

- келген орны бойынша тіркеуден бас тартқаны үшін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

5.4 Білім алушыларды және өзге де санаттағы Тұрғындарды студенттік жатақханалардан шығару студенттік кеңестің, студенттік жатақхана менгерушісінің, қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің, факультет/ жоғары мектеп деканының және университет комиссиясының бірлескен қолдаухаттары бойынша жеке-жеке жүргізіледі. Білім алушыларды шығару туралы шешім, жалға алу шартын бұзу туралы жазбаша хабарламаны алдын ала тапсыра отырып, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары - Ректордың бұйрығымен ресімделеді.

*Ескерте: студенттік жатақханаларда ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын өрсекел немесе жүйелі түрде бұзған кезде бұзушылардан жазбаша тусініктеме талап етіледі (жүйелі түрде – әрбір факт бойынша жеке). Егер өз тусіндірмесінде тұрғын осы бұзушылықты жасау фактісімен келіссе, онда университет басшылығы (үәкілетті тұлға) қызметтік тексеру жүргізбей шығару туралы бұйрық шығаруга құқылы.*

*Оз тусіндірмесінде Тұрғын, бұзушылық жасау фактісімен келіспеген жағдайда, онда университет басшылығының (үәкілетті тұлғаның) нұсқауы бойынша қызметтік тексеру тагайындалады. Шығару туралы бұйрық тексерудің қорытындысы негізінде шығарылады.*

5.5 Студенттік жатақханадағы орынды (бөлмені, секцияны, блокты) босату туралы бұйрықты ерікті түрде орындаудан бас тартқан жағдайда, Шығару заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Ережелер Ғылыми кеңес қараганнан және мақұлдағаннан кейін университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорына бекітуге ұсынылады.

6.2 Комиссия, материалдарды қарau және тұрғын үй беру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде, осы Ережелерді қатаң басшылыққа алады. Соңғысына сәйкес келмейтін шешімдер, қабылдауға тыйым салынады.

6.3 Кейбір керек кездерде, егер, осы Ережелерде көзделмеген жағдайларда, университет Басқарма Төрағасы – Ректорының шешімі студенттік жатақханаларда орын беру үшін негіз болып табылады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім үйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу Қағидаларына 1 Қосымша

НАО «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ, Басқарма Төрағасы - Ректор Құрішбаев А.К.

\_\_\_\_\_ тан  
білім алушының толық  
Тегі, аты, әкесі  
(егер болса)

білім алушының курсы, тобы, мамандығы,  
факультеті/ жоғары мектеп

Өтініш

Маған жатақханадан бір орын беруінде сұраймын \_\_\_\_\_

университет атауы  
Келу орны \_\_\_\_\_

Тіркеңген құжаттар тізімі \_\_\_\_\_

Заңмен қорғалатын ақпараттық жүйелердегі құпия мәліметтерді пайдалануға келісемін.

" \_\_\_\_ " 20 \_\_\_\_ г.

(Білім алушының қолы)

Жоғары және (немесе) жоғары оқу  
орнынан кейінгі білім ұйымдарының  
жатақханаларында орындарды бөлу  
Қағидаларына 3 Қосымша

Форма

Күжаттарды қабылдау туралы қолхат № \_\_\_\_\_  
«ҚазҰАЗУ» КЕАҚ

келесі күжаттар алынды:

(білім алушының тегі, аты, әкесі)

1. Өтініш

2. Басқа да \_\_\_\_\_

ЖК жетекшісінің (тегі, аты, әкесі)

(қолы)

Алдың: білім алушының қолы

"\_\_\_" 20 \_\_\_ жыл

Жоғары және (немесе) жоғары оқу  
орнынан кейінгі білім ұйымдарының  
жатақханаларында орындарды бөлу  
Қағидаларына 4 Қосымша

Форма

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңының 19-бабын Басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады (негізгі талаптар тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) Сіздің сәйкес құжаттардың толық емес пакетін және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар тізбесін ұсынуға байланысты, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) ....

Осы қолхат әр тараф үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Орындаған: Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_ Телефон \_\_\_\_\_

Алдын: Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ көрсетілетін қызметті алушының қолы \_\_\_\_\_

"\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Жоғары және (немесе) жоғары оқу  
орнынан кейінгі білім үйымдарының  
жатақханаларында орындарды бөлу  
Қағидаларына **5** Қосымша

**Жолдама**  
ҚазҰАЗУ білім алушысына жатақхана беру туралы

(университеттің атауы және мекен-жайы) Азаматқа (шага)

(тегі, аты, әкесі (болған жағдайда))

№ \_\_\_\_ Жатақханага орналасуға жіберемін

Жатақхана мекен-жайы \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " 20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_ сағ. Сізге келуді ұсынамын

Жастар жұмысы жөніндегі Комитет жетекшісі

" \_\_\_\_ " 20 \_\_\_\_ г. \_\_\_\_\_ (қолы)

M.O

(лауазымы)

(Т.А.Ә.)